

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Махамбет ауданы Бақсай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 6 тамыздағы № 34 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 тамызда № 4219 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы Бақсай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 54 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы Бақсай ауылдық округі әкімінің 10.12.2018 № 54 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Махамбет аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2018 жылғы 02 шілдедегі № 14-11/180 ұсынысы негізінде Бақсай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Махамбет ауданы, Бақсай ауылдық округіндегі № 72 құрылысының ауласындағы мүйізді ірі қара малынан бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Махамбет аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Атырау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Махамбет аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Атырау облысы Денсаулық сақтау  
басқармасының "Махамбет аудандық  
орталық ауруханасы" шаруашылық  
жүргізу құқығындағы коммуналдық  
мемлекеттік кәсіпорнының  
директоры

"06" тамыз 2018 жыл

"Қазақстан Республикасы Денсаулық  
сақтау министрлігінің Қоғамдық  
денсаулық сақтау комитеті Атырау  
облысы Қоғамдық денсаулық сақтау  
департаментінің Махамбет аудандық  
қоғамдық денсаулық сақтау  
басқармасы" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы

"06" тамыз 2018 жыл

Қ. Мажиев

Е. Сүйеуғалиев

Г. Ажигалиева